

## "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1377 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын басқару жөніндегі орталық атқарушы орган болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамын Ақпараттық технологиялар паркін дамыту жөніндегі компания етіп белгілесін;

2) Ақпараттық технологиялар паркін басқаруға халықаралық деңгейдегі жоғары білікті сарапшыларды іріктеуді жүргізсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.24. N 319 қаулысымен.**

3. Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының дирекциясы" мемлекеттік мекемесіне жалпы алаңы 340 (үш жүз қырық) гектар жер бөлуді жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*